

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛЫП ОТЫРҒАН ТАЛАПТАРҒА ОРАЙ ЖОО-ДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аймағамбетова Қ., п.ғ.д., профессор, Есенова Р., магистр
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Мақалада қазіргі кездегі Жоғары Оқу Орындарында жоғары білімді маман даярлаудың негізін қалайтын қоғам, мемлекет, университет қойған талаптарға назар аударылады. Жаңа ақпараттық технологиялардың білім сапасын арттырудағы рөліне назар аударылады.

Тірек сөздер: интеллектуалдық деңгей, педагогтік этика, постер, эссе

В статье акцентируется внимание на требованиях, выдвигаемых обществом, государством, вузом, личностью к подготовке специалиста с высшим образованием в современном российском вузе. Уделено внимание роли новых информационных технологий в повышении качества образования.

Ключевые слова. интеллектуальный уровень, педагогическая этика, постер, эссе

The article focuses on the requirements put forward by society, the state, the university, the individual for the training of a specialist with higher education in a modern Russian university. Attention is paid to the role of new information technologies in improving the quality of education.

Keywords. intellectual level, pedagogical ethics, poster, essay

Республикадағы білім беру жағдайын еліміздің саяси-әлеуметтік дамуының көрінісі және өркениетті елдер қатарынан орын алудың белгісі ретінде қараймыз. Сондықтан да, жыл сайынғы Президенттің халыққа жолдауында да басты мәселенің бірі ретінде білім жүйесіне қойылып отырған талаптармен оны жүзеге асырудың қазіргі жағдайы көрсетіліп келеді[1].

Қазақстан мектептерінің білім берудің жаңа сапасына көшуі кәсіби кадрларды дайындаумен тікелей байланысты. Осыған орай, жаңаша тұрғыдағы іс-әрекетке дайын мамандар дайындау мәселесі алға шығады. Бұл ЖОО оқытушыларының болашақ мамандар студенттердің жеке бас ерекшелігін, оның өмірінің жан-жақтылығын, олардың бойындағы қабілеттерін тани отырып, соған қарай жұмыс жасауға жұмылуын керек етеді. Оқытушы өзінің іс-әрекетінде студентке тек білім берумен және біліктілікке дағдыландырумен шектелмей, қоғамның бүкіл жетістіктерін оның бойына сіңіруге бағыттайды[2].

Жоғарғы оқу орындарында педагогтік білім берудің негізгі мақсаты-болашақ қоғам иелері жастарды жан-жақты дамыта алатын білім беру арқылы олардың ақыл-ой, физикалық, эстетикалық мүмкіндіктерін қалыптастыратын, моралдық қасиетті, интелекті, шығармашылықпен жұмыс жасайтын маман дайындау. Яғни, мектептегі білім мен тәрбиені заман талабына сай деңгейде жүзеге асырушы, жас жеткіншектермен жұмыс істеуге жауапкершілікпен қарайтын қызметкер шығару. Қазіргі таңда негізгі көңіл мектеп қабырғасынан білім мен білікті және жеке тұлғалық қасиеттерді жастарға меңгертіп шығаруға ауып отыр. Олай болса, бұл мақсатқа жетуде педагогтардың үлесі мен жауапкершілігі жоғары деңгейде болмақ.

Жас жеткіншектердің тұлға болып қалыптасып, өз пікірлерін ортаға салып талқылау дәрежесіне жетуі ұзақ уақытты яғни мектеп қабырғасындағы мерзімдерден өтуді керек етеді. Мұнан әрі олардың психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері жоғарғы оқу орнында жалғасып, өзінің өркендеу кезеңіне өтеді. Бұл деңгейлерден даму тұрғысынан өтуде мұғалім

қауымының алатын орны өте ерекше. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің балаларды жан - жақты жетілдірудегі орнын айтып жеткізу қиын[3].

Көзқарасы қалыптаспаған, сөйлеу мәнерлері жетіліп, тілі еркін дами қоймаған, ойлау өрістері тар, көріп білгендерінен қорытынды шығару мүмкін- діктері төмен 6 жастағы баланы күнбе - күн жаңа қадамға, білім мен білік қадамына жетелейтін мұғалімнің өрсі қандай болмақ?

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты дамыту, оның ақыл-ойын жетілдіріп, бойындағы қабілеттің көзін ашу, эстетикалық, физикалық мүмкіндіктерін анықтау және оны әрі қарай өркендету, өскен ортасына орай ұлттық адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру, берілген білім мен тәрбиенің негізінде болашақ қоғам мүшесінің интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру мәселелерінің бәрі мұғалім қауымына жүктеледі.

Он екі жылдық орта білім жағдайында мектеп мұғалімдеріне қойылып отырған талап күн сайын күрделене түсуде. Осыған дейін күнделікті өмірде ойын әрекеті басым болып келген баланы енді жүйелі түрде оқу әрекетіне, ойлануға, өз ісінің нәтижесін байқап, оны бағалауға жұмылдыру мұғалімнің білімін ғана емес, оның педагогикалық тұрғыдан шеберлігін, адами қасиетін, мәдени деңгейін, қиындықтан шығу жолын іздестірудегі ұстамдылығын керек етеді. Міне, осындай қасиеттермен педагогтік этиканы болашақ мұғалімнің бойына дарытып, жаңа өмірге, жауапты еңбек өміріне дайындау жоғарғы оқу орнының үлесіне тиеді.

Жоғарғы оқу орындары педагог мамандарды қандай деңгейде дайындау керектігі жайындағы ақпараттарда жарық көріп жатқан мақалаларда айтылған пікірлерге көз жүгіртсек, бәрі де мамандарды дайындауға қойылатын талаптарды саралап көрсетеді. Бірақ, сол деңгейге қол жеткізу қандай жұмыстар мен іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады деген мәселе ашылмай қалады.

Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, ең алдымен жоғарғы оқу орнының жаңа келген жастарды көтермелеп қолдап, оны тұлға ретінде қабылдаудың мәні зор. Кейбір оқытушылар өздерін студенттен сонша жоғары ұстағандықтан, оларға жақындап сөлесуге бата алмайтын жастар да кездеседі. Студенттермен психологиялық тұрғыдан дұрыс қарым-қатынас туғызу арқылы түйінді мәселелерді дұрыс шешуге жағдай жасалады.

Атақты педагог В.А. Сухомлинский оқушыны тұлға ретінде қабылдауды атап көрсеткен болатын. Осыны естен шығармай, алғаш жоғарғы оқу орнының есігін ашқан студентке қомқорлықпен қарауды ұмытпауға тиіспіз.

Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын жоғарғы оқу орындары студенттерге білім негіздерін теориялық тұрғыдан меңгертумен шектелмей, оны іс жүзінде қолданылуға үйрету, болашақ мұғалімнің бойына баламен жұмыс істеуді сіңіру мақсатымен практикалық, семинарлық сабақтар барысында олардың өзіндік ізденушілігін дамыту, жаңа технологияларды қолдана білуге дағдыландырма баса көңіл бөліну қажеттігі туындайды.

Шындығына келсек, студент кезінде өздігінен ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренбеген болашақ маманның келешекте оқушыларды ізденуге жаттықтыруы екіталай болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі жоғары оқу орынында маман дайындауда кездесіп отырған бірнеше олқылықтарды байқауға болады. Олар: -көбіне студенттерді теориялық тұрғыдан білім беру мәселесі дәріс оқу арқылы жүзеге асырылып, сол білімді іс жүзінде қолданудың практикалық жағы толық талданбай қалып отырады. Мұның себебі - оқытушылардың дәріс тақырыбын студенттерге алдынала беріп, оларды пікір сайысқа түсуге дайындамаудан және тақырыпқа байланысты проблемалық мәселелерді көтермеуден туады.

Семинарлық сабақтарда студенттердің мүмкіндігіне қарай тапсырманы деңгейлеп беру жағы аз қолданылып, бәріне жаппай ортақ тапсырмалар беруінен оның бәрін бірдей орындай алмаған студент орындағандардың жауабын тыңдаумен шектеледі. Семинарлық сабақтардың алдын-ала берілетін түрлі жобалар, тапсырмалар олардың білім мен білік мүмкіндіктерін ескере отырып әрқайсысына жеке-жеке деңгейлеп берілсе, бұл студенттің

өзін-өзі бағалауына, келешекте одан да күрделі тапсырмаларды шешуге талпынуына жағдай туғызар еді.

Студенттердің белсенділігін арттыратын, сабақтың тиімділігін көтеретін топпен жұмыс екенін білеміз. Олай болса, өзіндік жұмыстың бұл түрін де нақтылай отырып қолдану арқылы студенттердің бір бірімен қарым-қатысы күшейіп қана қоймай, пікір бөлісушілік, пікір алмасу кезінде қолдау табу арқылы өз ісіне сенімділік, ортақ мүддеге жұмылушылық және топтар арасындағы бәсекелестік тұстары жүзеге асады.

Әсіресе, студенттерді топқа бөліп, оларға тақырып бойынша постер жасау тапсыру да білімді саналылықпен қабылдаудың бір түрі. Бірақ, бұл іс-әрекетті орындауға үлкен жауапкершілікпен қарау жағы төмен. Мәселен, постерді орындау барысында көңіл аударатын бірнеше мәселе ескерілмей қалып отырады. Олар: постер жасаушылар тек оқулықта бар, не дәрістен алған білімдері мен деректерін көшіріп, сол арқылы тақырыптарын қорғауға шығады. Бұл студенттердің жұмысқа жеңіл қарағандығын көрсетеді. Постерді қорғау үшін ойлану, ой толғау, өзіндік шешімге келу, түсініктерін жан-жақты талдау, жинақтау, соның негізінде баға беру жүзеге асуға тиіс. Сонымен қатар, мұндай жұмыс барысында басқа топтағылар қорғаушының жұмысын тыңдап, талдауға қатысып, өз үлесін қосады, оларға баға береді. Кейде мұндай дәрежеге жетпей, әркім өз постерін қорғаумен айналысып, басқаның жұмыс нәтижелеріне мән бермейтіні де байқалады. Жолдастары жұмыстарын қорғап жатқанда қалғандары өз жұмыстарымен әуреленіп отырады. Мұндай жағдайда өзіндік іс-әрекеттің бұл түрі дамытушылық, саналылық дәрежесіне жетті деп айту қиын. Постер құрудың негізгі мақсаты — студенттерді ізенушілікке, зерттеушілікке, тақырыбын оқып түсінуге, алған түсінігін қолдануға, соның нәтижесінде нені білді, нені үйренді деген мәселені шешуге бағытталады. Яғни, постер жасау шығармашылық іс-әрекетті керек етеді.

Студенттерді шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыландыру оқытушының көп ізденуін талап етеді. Ол үшін болашақ мамандарға тақырып бойынша қысқаша конспект, эссе жазуды, баяндама құруды тапсыру арқылы олардың өз ойын қағазға түсіруіне, оқыған материалынан меңгерген ұғымын ой елегінен өткізіп жүйелеуге дағдыландыруға болады. Ойды жүйелеп қағазға түсіру оңай емес. Ол үшін алдымен алдына қойған мақсатына орай дұрыс жоспары құрылуды керек етеді. Жоспарды дұрыс құру студенттің ізденушілігінен, алдына мақсат қоя білуінен туындайды. Енді жұмыс нәтижесін сабақта талқылау кезінде ұжымның жаппай қатысуы арқылы орындалған істің дұрыс жағы да, олқылықтары да ашылады. Бұл тек жұмысты орындаушының ғана емес, бүкіл студенттерке мұндай іс-әрекет кезінде неге көңіл аударылудың керектігін көз алдарына тартады, келешекте ескеретін болады.

Болашақ педагогті шығармашылыққа дағдыландыру бірден орындала қалатын іс емес, ол жай ғана күнделікті дәріс пен семинарлық, практикалық сабақтарда біртіндеп қалыптасатын іс-әрекет түрлері бойынша жүзеге аспақ.

Қазіргі таңдағы негігі талаптардың бірі және бірегейі - өз пікірін айта алатын, белсенділігі басым, білім берудің жаңа технологияларын меңгерген білікті маман дайындау болса, осындай деңгейге жеткізу үшін оқытушылардың болашақ педагогтің ең алдымен ойлау, ой қорыту, ой дербестігін дамыту жағын көздеуі тиіс. Ойын ортаға салып, мәселені талқылауға жұмылдыру жағы ескерілмейтіндіктен, өз пікірін сыртқа шығара алмайтын, жалтақ студенттерді кездестіреміз.

Сабақтың қай түрі болса да оның нәтижелігі кері байланысқа байланысты байқалады. Бірақ, бұл мәселені де тиімді пайдалана білгеніміз дұрыс. Егер, кері байланыс кезінде студент сабақ ұнады, тартымды өтті десе, оның себебін айтып дәлелдеуі керек. Көбіне олар жаттанды сөздерді айтуға машықтанады.

Сабақтың тиімді болған жағымен қоса, мұнан да тартымды етуге қоятын тілектерін айта білу, оны нақты деректер арқылы дәлелдеу бұл студенттің білім алу барысындағы сабаққа деген ықыласын, ойлау, ой қорыту қабілетінің жоғарылығын көрсетеді. Кері

байланысты үнемі сабақтың соңына қалдырмай, дәріс барысында, практикалық сабақтар үстінде іске қосып отыру арқылы студенттердің белсенділігін көтеруге жағдай туады.

Педагог дайындауда жиі байқалатын мәселе - болашақ мамандардың жазба түрде ой қорыту жағына шорқақтығы. Тіпті жоғары оқу орынын тамамдаған жас педагогтің нақты тақырыпқа байланысты мақала жаза алмайтындығы байқалады. Бұл студенттік кезде оларға конспект, эссе, тұжырым жазуға жаттықтырмаудан туындайтыны белгілі. Келешекте болашақ педагогтардың ғылыми көзқарасының болуын, іздену мен зерттеудің әдістерін меңгерген, кез келген пікір сайысқа түсе алатын деңгейде дайындауды талап еткендіктен, олардың мұндай талаптарға сай болуы үшін ізденушілікке жаттықтыру жағын да есте тұтуымыз және оған жаттықтыруымыз керек. Жоғарғы оқу орынын бітіруде білімділіктің басты көрсеткіші диплом жұмысын орындау болатын болса, оған дайындық екінші курстан-ақ басталуы керек. Ол үшін пән оқытушылары бір-бірімен келісе отырып, студенттерге жеке тақырыптар беріп, студенттік конференцияларға қатыстыру, ұжымда сол тақырыбы арқылы баяндама жасау, курстық жұмыстар орындау сияқты дайындықтардан өтуге тиіс. Мұндай жұмыстарды орындап төселген студенттерге диплом жұмысын орындау қиындыққа соқпайды. Егер, бұрынғы тақырыптары бойынша педагогикалық эксперименттер қойып жаттықса, ол тақырыптары жыл сайын жетілдіріле отырып, нәтижесінде дипломдық жұмысқа айналады. Әр курс сайын мұндай жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізілмеген жағдайда, бітіретін жылы жаңа тақырып алған студенттің диплом жазудағы қиналысымен жіберетін кемшілігі жиі кездеседі.

Жоғары оқу орынын бітіруші жастардың көбісі-ақ магистратураға түспекші болғанда олардың ғылыми жұмыспен айналысу тәжірибесінің төмендігі осындай жағдайлардан туындайтынына көзіміз жетті.

Болашақ педагогтардың сабақ беру шеберлігі тек педагогикалық практика кезінде шыңдалады деп айтуға болмайды. Ол шеберлік аудиторияда орындайтын практикалық жұмыс түрлері: әр типті сабақтардың жоспарын жасау, оны ұжымдық талқылау, сабақтың типіне қарай жаңа технологияларды қолдану, оның студенттердің белсенділігін арттырудағы мәнін дәлелдеу, баға беру сияқты өзіндік жұмыстарды орындату арқылы студенттер мектепте өтілетін педагогикалық практикаға дайындалады. Сол арқылы мектептегі практика кезінде олардың әдістемелік тұрғыдан да, ізденушілік тұрғыдан да тәжірибелері шыңдала түседі. Педагогикалық практика кезінде сабақ беруде, оның нәтижесін талқылауда өз іс-әрекеттеріне сенімді болып, өздерін еркін ұсайды.

Қазіргі таңда маман дайындауда баса көңіл аударатын мәселенің бірі- студенттерді практикалық іс-әрекетке жаттықтыру мұны шешуде-дуалды оқыту ерекше және тиімді орын алуда. Осы тұрғыдан алғанда Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш мектеп» кафедрасы 2-3 курс студенттерін жетісіне бір-екі рет балалар мекемелері мен бастауыш сыныптарға қажетті педагогикалық іс-әрекеттер орындауға қатысып, тәжірибе жинауға жағдай туғызып отыр. Осының нәтижесінде студенттердің мектеп өміріне араласу барысында меңгерген іс-тәжірибелерін университеттегі практикалық, семинарлық сабақтарда емін-еркін қолданып, практикалық жұмыстарды теориямен байланыстыру арқылы педагогтік жұмыс түрлерін бойларына сіңіруде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана 2011 ж.
2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы, 2005 ж.
3. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың өзекті мәселелері // Ғылыми-практикалық конференция.- Семей, 2009., II том,- Б.39-41.